

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ СОТЫ**

3 желтоқсан 2020

№: AIFC-C/CA/2020/0009 ic

НҰРСҰЛТАН ӘЛИЕВ

Өтініш беруші

және

«PROPORTUNITY MANAGEMENT COMPANY»ЖШС

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Сэр Стивен Ричардс

БҰЙРЫҚ**1. Апелляцияға өтініш қабылданған жоқ.****ШЕШІМ****Фактілер**

1. 2020 жылғы 3 тамызда №: AIFC- C/SCC/2020/0002 ісі бойынша шығарылған қаулымен және шешіммен АХҚО Ұсақ дау-дамай соты (Судья Чарльз Баннер QC) Нұрсұлтан Әлиевтің ол мен «Propportunity Management Company» ЖШС («Propportunity») арасындағы еңбек шартының болжалды бұзылуымен байланысты залалды және басқа да өтемдерді өтеу туралы талабын қабылдаған жоқ. Судья Әлиев мырза мен Propportunity арасында еңбек шарты болмағанын анықтады.
2. Әлиев мырзаның Ұсақ дау-дамайлар сотының шешіміне шағымдануға рұқсат етуді сұраған өтінішін АХҚО Бірінші сатыдағы соты (Судья Лорд Фолкс QC) №: AIFC-C/CFI/ 2020/0006 іс бойынша 2020 жылғы 7 қазанда шығарылған шешіммен қабылдаған жоқ.
3. 2020 жылғы 29 қазанда Әлиев мырза апелляцияға рұқсат алу туралы жаңа өтінішті, бұл жолы 2018 ж. АХҚО Соты Қағидаларының 29.9 бабына сәйкес бұл қосымша өтініш беруге болатын «апелляциялық сот» деген негізде АХҚО Апелляциялық сотына берді. Осы қаулы мен шешім осы өтінішке қатысты болып табылады.
4. Өтінішке қарсы жазбаша қарсылықтарды Propportunity 29.14 бапта белгіленген мерзімде берді.
5. 29.16 бапта апелляцияға рұқсат алу туралы өтінішті, 29.17 бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, қағазда қарау көзделген. Мен бұл өтінішті қағазда қарауға болатынына және керектігіне қанағаттанамын.

Юрисдикция

6. Төменде көрсетілген себептер бойынша, Апелляциялық сот апелляцияға рұқсат алу туралы өтінішті қарау юрисдикциясына ие емес. Юрисдикция туралы мәселе, оны тараптардың ешқайсысы көтермегенімен, сотпен қаралуы тиіс.
7. АХҚО Соты Регламентінің (АХҚО Басқару жөніндегі кеңесінің 2017 жылғы 5 желтоқсандағы Қаулысымен қабылданған) 5-бөлімі АХҚО Сотының юрисдикциясын белгілейді. 26(7) бапта былай делінген:

«Ұсақ дау-дамайлар сотында белгілі бір мәндерден төмен сомалар бойынша дауларды жеделдете қараудың арнайы процедурасы бар. Ұсақ дау-дамайлар сотының юрисдикциясы Сот Қағидаларымен анықталады. Ұсақ дау-дамайлар сотының шешімдеріне апелляциялық шағымдар Бірінші сатыдағы сотқа Соттың рұқсатымен Сот қағидаларына сәйкес беріле алады. Ұсақ дау-дамайлар сотының шешімдеріне берілген апелляциялар бойынша Бірінші сатыдағы соттың шешімдеріне Апелляциялық сотқа шағым жасала алмайды.»

8. Сонымен, Ұсақ дау-дамайлар сотының шешімдеріне берілген апелляцияны қарау бойынша юрисдикция тек Бірінші сатыдағы сотқа жүктелген. Апелляциялық соттың мұндай юрисдикциясы жоқ. Апелляциялық соттың сонымен қатар Ұсақ дау-дамайлар сотының шешімдеріне апелляциялар бойынша Бірінші сатыдағы соттың шешімдеріне апелляцияны қарау үшін юрисдикциясы жоқ. Мұндай шешімдерге Апелляциялық сотқа шағым жасала алмайтындықтан, мұндай шешімдерге шағымдануға рұқсат алу туралы Апелляциялық сотқа өтініштер беру мүмкіндігі жоқ.
9. Жоғарыда баяндалған ережелерге сәйкес, АХҚО Сотының Қағидалары Ұсақ дау-дамайлар сотының шешімдеріне Бірінші сатыдағы сотта шағымдануды көздейді, бірақ одан аспайды. Қағидалардың 29-бөлімі апелляцияны реттейді. 29.1 (2) бапқа сәйкес, 29-бөлімнің баптары Ұсақ дау-дамайлар сотынан Бірінші сатыдағы сотқа берілетін апелляцияларға қолданылады. 29.49 бапта былай делінген: «Ұсақ дау-дамайлар сотының шешімдеріне апелляциялық шағымдардың шеңберінде Бірінші сатыдағы соттың шешімдеріне апелляциялық шағым беру қарастырылмаған...».
10. 29-бөлімнің ережелеріне апелляцияға рұқсат алу туралы өтініштер бойынша баптар кіреді. 29.5 бабына сай кез келген апелляция үшін (сотты құрметтемеу туралы қаулыға қарсы өтініштен басқа) апелляцияға рұқсат талап етіледі. 29.6 бапқа сәйкес, егер «төмен тұрған сот» немесе «апелляциялық сот» апелляцияның табысты болуға нақты мүмкіндігі бар деп есептесе немесе апелляцияның қаралуы тиіс басқа салмақты себеп бар болса, рұқсат берілуі мүмкін. 29.2 бап «төмен тұрған сотты» «сот, трибунал немесе басқа тұлға, немесе шешіміне апелляция шеңберінде шағым жасалатын орган» ретінде анықтайды; және ол «апелляциялық сотты» «апелляция берілетін Сот» ретінде анықтайды. Егер Ұсақ дау-дамайлар сотының шешіміне шағым жасау қажет болса, бұл сот «төмен тұрған сот» болып табылатыны, ал Бірінші сатыдағы сот тең дәрежеде «апелляциялық сот» болатыны айқын. 29.8 бапқа сәйкес апелляцияға рұқсат алуға өтініш (1) төмен тұрған сотқа шағымдануға жататын шешім шығарылған кез келген тыңдауда ауызша; немесе (2) апелляциялық сотқа өтініш берушінің хабарламасында берілуі мүмкін. Бұл тұрғыдан 29.9 бап мынаны көздейді:

«Егер төмен тұрған сот апелляцияға рұқсат беруден бас тартса, апелляцияға рұқсат алуға одан арғы өтінішті апелляциялық сотқа, өтініш берушінің хабарламасында беруге болады».

Бұның нәтижесі мынау болып табылады: егер апелляцияға рұқсат алуға өтініш Ұсақ дау-дамай сотында берілсе, бірақ бұл Сот оны қабылдамаса, апелляцияға рұқсат алу туралы қосымша өтініш Бірінші сатыдағы сотқа апелляциялық сот ретінде беріле алады.

29.9 бап Апелляциялық сотқа апелляцияға рұқсат алу туралы тағы бір өтініш беруге *мүмкіндік бермейді*. Оның мұндай жағдайды қабылдау ретінде түсіндіруі АХҚО Соты тұжырымдамасы мен Қағидалар жүйесіне және АХҚО Сотының Регламентімен белгіленген, жоғарыда көрсетілгендей, Апелляциялық соттың ұсақ дау-дамайлар бойынша шешімдерге қатысты юрисдикциясы жоқ деген юрисдикциялық құрылыммен сәйкессіз болар еді.

11. Бұл жағдайда Ұсақ дау-дамай сотының шешіміне шағымдануға рұқсат алу туралы өтініш Бірінші сатыдағы сотқа берілді, бірақ Бірінші сатыдағы сотпен қабылданған жоқ. Бұл істің аяқталуы. Әлиев мырзаның Апелляциялық сотқа апелляцияға рұқсат алу туралы одан арғы өтініші 29.9 бапқа сәйкес дұрыс емес болып табылады және қабылданбауы тиіс.

Мазмұны

12. Менің Апелляциялық сот апелляцияға рұқсат алу туралы өтінішті қарау юрисдикциясына ие емес деген шешімім өтініштің мазмұнын қарауды керексіз етеді. Алайда, бәлкім, Бірінші сатыдағы соттың шешімімен менің келісетінімді және егер де юрисдикция белгіленген болса, апелляция беруге рұқсат беруден төменде баяндалған себептер бойынша менің бас тартатынымды қысқаша көрсету пайдалы болар.
13. Бірінші сатыдағы соттың апелляцияға рұқсат беруден бас тарту туралы шешімінде көрсетілгендей, Ұсақ дау-дамай соты судьясының алдында – Әлиев мырзаның «Propportunity Management Company» ЖШС-мен еңбек шарты болды ма әлде ол тағылымдамадан Сәрсенбаев мырзадан жеке өтті ме деген жалғыз сұрақ тұрды және бұл мәселе бойынша судья «жазбаша және ауызша дәлелдердің негізіндегі фактілер бойынша біржақты шешімге келді». Судьяның қорытындысы тиісті ой-пікірлердің тізбесіне негізделді.
14. Әлиев мырза Ұсақ дау-дамай сотына ұсынылған дәлелдерге және бұл Соттағы тыңдауда не орын алғанына сілтеме жасап, Судьяның қорытындысымен келіспейтіндіктен, меніңше, келтірілген мәлімдемелердің пайдасына ешқандай елеулі дәлелдер жоқ.
15. Әлиев мырзаның Бірінші сатыдағы сотқа, ал кейіннен Апелляциялық сотқа берілген апелляцияға рұқсат алу туралы өтінішіне басты негіз еткені оның Ұсақ дау-дамай сотына ұсынылмаған материалдарға жасаған сілтемелері болып табылады. Оның бұл өтініште мәлімдегеніндей, «мен бұл іс бойыша шағымдану үшін басқа дәлелдер табуды шештім» және «мен бұл істің бүкілі бойынша маған өз позициямды қорғап қалу мүмкіндігін беретін мүлде жаңа жаңа дәлелдер ұсындым». Ол «Астана» халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитетіне («Комитет») Комитеттің авторизациясын алуға «International Law Company» ЖШС-ның өтінішін қолдап Сәрсенбаев мырза ұсынды-мыс деген ақпаратқа, сонымен қатар «Altyn Tau Company» ЖШС осы компания мен «Propportunity басқарушы компаниясының тұлғасында» «International Law Company» ЖШС арасындағы келісімшарт бойынша ұсынған заңгерлік қызметтерге қатысты куәліктерге ерекше мән береді. Бұл материалдар Сәрсенбаев мырзаның Ұсақ дау-дамай сотына берген, Әлиев мырза орындаған жұмыс Propportunity компаниясының жұмыскері ретінде орындалған жоқ, жеке Сәрсенбаев мырзаға арналды деген ауызша көрсетулеріне сәйкес келмейді деп айтылып отыр. Сәрсенбаев мырзаға және Propportunity компаниясы Ұсақ дау-дамай сотына берген, Әлиев мырза сілтеме жасап отырған аргументтерге сенімнен айыратын басқа да мәселелер бар.
16. Әлиев мырза апелляцияны ол тапқан қосымша дәлелдерді ескерумен істің қаралуын жаңғырту ретінде қарастыратынға ұқсайды. Алайда әдеттегі позиция төмендегі соттың шешімін қайта қарауда апелляция шектеулі болатынында (29.44 бап) және егер ол басқаша қаулы қабылдамаса, төмен тұрған сотта ұсынылмаған дәлелдерді Апелляциялық соттың қабылдамайтындығында болып табылады. Сонымен, Соттың апелляция бойынша жаңа дәлелдер алуы айрықша жағдай болады. Соттың апелляция бойынша мұндай дәлелдерді Ұсақ дау-дамай сотынан алуы өте баяу болатынын күтуге болады, өйткені судья Чарльз Баннер QC атап өткендей, Әлиев мырзаның ісі бойынша дәлелдерді уақтылы емес беруге Propportunity компаниясына рұқсат етуден бас тарта отырып, бұл Соттың негізгі мақсаты ұсақ

дау-дамайларды қарау үшін тез және реттелген құралдар қамтамасыз ету болып табылады. Осы істегі одан арғы тиісті факторларға Ұсақ дау-дамай сотында қосымша дәлелдерді істі тыңдағанға дейін, белгіленген графикпен ұсыну үшін тараптарға нақты мүмкіндік берілгені; ол тыңдаулардың кезінде қандай дәрежеде жаңа дәлелдер тиісінше ықыластылықпен алына алар еді дегенді қарау; Комитеттің тікелей дәлелдері жоқ фактісі (Әлиев мырза Комитет қызметкерінің айтқанын құр қайталап айтқан және Соттан Комитеттен «International Law Company» ЖШС-ын авторизациялауға қатысты «барлық материалдар мен күәлік көрсетулерді» сұратуды өтінген); Proportunity материалдарында жаңа дәлелдердің аспектілерінің іске жататындығына, өзектілігіне және шынайылығына қатысты көтерілген мәселелер; және жаңа дәлелдердің Ұсақ дау-дамай соты судьясының қорытындысына негіз болған ой-пікірлердің тек бір бөлігіне ғана сәйкес келетіндігі фактісі.

17. Бұл мәселе бойынша жалпы пікірден шыға отырып және 29.6 баптың өлшемшарттарын басшылыққа алып, мен Әлиев мырза сүйенетін жаңа дәлелдерді Апелляциялық сот қабылдайтындай перспектива немесе апелляцияның табысты болуға нақты мүмкіндіктері бар бар деп санамаймын. Апелляцияны қарайтындай басқа да салмақты себептер жоқ. Комитеттің «International Law Company» ЖШС-ын авторизациялауына қатысты мәселелердің Апелляцияға рұқсат алу туралы өтініште көтерілуінің дәрежесі тұрғысынан, мұндай мәселелер Комитеттің қарауына, егер ол бұны мақсатқа сай деп санайтын болса, тиісті түрде беріледі.

Қорытынды

18. Тиісінше, апелляцияға рұқсат алу туралы өтініш юрисдикциялық негіздер бойынша қабылданбайды, алайда Соттың оны қарауға юрисдикциясы болғанымен де, материалдық-құқықтық себептер бойынша қалай болғанда да қабылданбас еді.

Сот қабылдады,

Өкілдік:

Талапкер өз мүдделерін өзі білдірді.

Жауапкердің мүдделерін Гаусар Абдуова ханым білдірді (Proportunity атқарушы директоры Арман Барменбаевтың тапсырмасы бойынша).